КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылы 4 қаңтар Іс №7119-23-00-2/15925 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Сарсекеев К.Б.,

сот отырысының хатшысы А.А.Әбілғазинаның қатысуымен,

ашық сот отырысында АБЖ техникалық құралдарын және Whats App мобильдік қосымшасын пайдалана отырып, талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарағаннан кейін

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
1. «Халық» жеке кәсіпкері Жолдасбек Халыкович Нурманов
2. «Excellent» жеке кәсіпкері Бибигуль Кошербаевна Кесикбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкер өкілі Нығмет Н.Д.
жауапкер өкілі Лозовских В.Г.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 5 шілдеде талапкер мен «Халық» жеке кәсіпкері арасында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 11 900 000 теңге сомасына Көшет - Тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №05-02/411 шарт жасалды, жеткізу мерзімі өтінім жіберілген сәттен бастап 16 жұмыс күні, өтінім 2023 жылғы 15 шілдеде Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберілді. Тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылғы 2 қазанда аяқталды.

2023 жылғы 4 шілдеде талапкер мен «Excellent» жеке кәсіпкері арасында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен Көшет - Тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №05-02/410 шарт жасалды. Өтінім жіберіген сәттен бастап 16 жұмыс күні жеткізу мерзімімен 11 995 200 теңге сомасына өтінім 2023

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 04.01.2024
Дата вступления в законную силу: 05.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 13.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жылғы 15 қыркүйекте Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберілді. Тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылғы 2 қазанда аяқталды.

Талапкер жауапкерді шарт бойынша міндеттемені орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап-арызда көрсетілген негіздер бойынша талап-арызды қанағаттандыруды сұрады, №2 жауапкердің дәлделдері бойынша, №2 жауапкер тауарды жеткізбегенін, бұрын жеткізілген тауарды қабылдамағанын, өйткені ол техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмегенін түсіндірді.

№2 Жауапкердің өкілі сот отырысында талапты қанағаттандырудыан бас тартуды сұрап, тауардың жеткізілгенін, бірақ талапкердің қзі тауарды қабылдамағанын түсіндірді.

№1 Жауапкер сот отырысына келмеді, отырыстың уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланды, сотқа ұсынылған талапқа қарсылық білдірмеді, келмеу себебін хабарламады, осыған байланысты АПК-нің 196-бабының 4-бөлігі негізінде істі олар қатыспаған кезде қарауға болады деп санайды.

Тараптар өкілдерінің түсініктемелерін тыңдап, іс материалдарын зерттеп, ұсынылған дәлелдемелерді жиынтықта бағалағаннан кейін сот келесіге келді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі- заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарт Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

Шарттың 5.3-тармағына сәйкес өнім беруші тауарды тапсырыс берушіге техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық берген жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

Шарттың 1.1-тармағының талаптары бойынша өнім беруші осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға және бағаларға сәйкес қызмет көрсетуге міндеттенді, ал Тапсырыс беруші өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда қызметті қабылдауға және осы Шарттың талаптарында ол үшін төлеуге міндеттенеді.

Жауапкер шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізуді талапкерге толық көлемде жүзеге асырмады.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылатыны бекітілген.

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 04.01.2024
Дата вступления в законную силу: 05.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 13.03.2024
7119-23-3-6/1299

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Істің дәлелдемелері мен мән-жайларының жиынтығын негізге ала отырып, 2023 жылғы 20 желтоқсанда «Халық» ЖК-не талап қою бойынша, 2023 жылғы 24 қарашада «Excellent» ЖК-не талап қоюы бойынша шартты бұзуды қоса алғанда, тауарды толық жеткізбеуде көрініс тапқан жағымсыз салдарларды ескере отырып, сот жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды заңды, негізделген және қанағаттандыруға жатады деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Халық» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Халық» жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

«Excellent» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Excellent» жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж соммасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 04.01.2024

Дата вступления в законную силу: 05.02.2024, судья Сарсекеев К. Б., 13.03.2024